

## Қанай ауылы

Қанай ауылы тарихына тоқталатын болсақ, бұрын «Бірлік», Ленин колхоздары болып келген ауыл, қазір Қанай атымен аталады. Қанай жері бұрын «Жетінші ауыл» атанған, содан кейін «Ленин» ұжымшары болып аталып келген. Ленин ауылы үш бөлікке: Қызыл ақырап, 5-ші ауыл және Дәниләкөл болып бөлінген. Ұжымшар Жайықтың Дәнилә деп аталатын сағасының бойындағы Дәниләкөл ауылының аумағында орналасқан. Солтүстігінде мемлекеттік орман қорының ормандармен жалғасып, шығысында «Октябрьдің 40 жылдығы» ұжымшарының алқаптарымен, батыс жағында Теректі ауданы «Долинный» ұжымшарымен шектесіп жатыр. Бұрын - соңды ауылшаруашылық техникасы жоқ болса да, ауыл адамдары бос отырмаған, барлық жұмысты жылқының көмегімен істеген. 1930-1932 жылдары колхозға жаңа техникалар әкелініп, колхоз жыл өткен сайын өсіп, өркендеп дәулеттері арта түскен. 1990 жылы Ленин атындағы колхоз қосалқы шаруашылық ретінде «Уральскнефтегазгеология» мекемесі құрылып, ауылымыздың соғыс ардагері Шыңғали Тақауев басшылық қызметін атқарды. 1994 жылы негізгі қосалқы шаруашылық акционерлік қоғам «Бірлік» болып қайта құрылған кезде ауыл әкімі болып А.Сұлтангереев тағайындалды. Қанай ауылдық округі қазіргі екі ауылдан тұрады: Дәниләкөл мен Қанай. Қазіргі «Шұғала» қожалығы бұрынғы №1 далалық ферманың орнында орналасқан. Селолық округінде 11 ұлт халқы өмір сүруде. Дәниләкөл ауылын қоса есептегенде 800 адам тұрады. Қанай аумағында «Алия», «Шұғыла» шаруақожалықтары жұмыс істеуде. Ауылымызда әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеулер өткізілген. Қанай ауылында дәрігерлік амбулаториясы, Мәдениет үйі, кітапхана, пошта, тігін цехы, шаштараз халыққа қызмет етуде. Мектеп жанындағы шағын балабақшада 22 бүлдіршін тәрбие алуда. 2003 жылы ауылымызға көгілдір отын кіріп, ауыл тұрғындары табиғи отынның игілігін көруде. Ал 2015 жылы «Таза су» бағдарламасы бойынша әр үй ауызсумен қамтылды. Сонымен қатар мектеп жанынан спорттық алаң ашылып, спортқа жаны құштар жастарды қуанышқа бөледі.



*«Бөрлі жаршысы» №14, 13.04.2017  
Мукашева Орынгүл Тулеповна*